



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАСТЫРЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Ұлттық қорғаныс министрі Яшар Гюлерді қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынас екіжақты және көпжақты күн тәртібінің барлық бағыты бойынша қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

Президент әріптесі Режеп Тайип Ердоғанға ізгі тілегін жолдап, екі елдің стратегиялық

ынтымақтастығы мен серіктестігін одан әрі нығайтудың маңызды екеніне назар аударды.

Өз кезегінде Яшар Гюлер атажұртта көрсетілген сый-құрмет үшін алғыс айтып, Түркияның Қазақстанмен өзара сенім және қолдау рухындағы байланыстарды одан әрі тереңдетуге

ниетті екенін растады. Ол еліміздің бірқатар өңірлік және халықаралық түйткілді шешуге бағытталған күш-жігерін жоғары бағалады.

Сонымен қатар әңгімелесу барысында екі елдің қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық мәселесі қарастырылды.

КӨПЖАҚТЫ ДЕҢГЕЙДЕГІ БАЙЛАНЫСТАРДЫ ДАМУҒА МАҢЫЗДЫ



Президент бірқатар мемлекеттің елшілерінен сенім грамоталарын қабылдады.

«Акорда» резиденциясында жеті мемлекеттің төтенше және өкілетті елшілерінің Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа сенім грамоталарын тапсыру рәсімі өтті.

Сенім грамоталарын Испания Корольдігінің елшісі Луис Франсиско Мартинес Монтес, Эстония Республикасының елшісі Яап Ора, Өзбекстан Республикасының елшісі Бахтиёр Ибрагимов, Судан Республикасының елшісі Мұхаммед әл-Газали Сиррадж, Руанда Республикасының елшісі Чарльз Кайонга, Доминикан Республикасының елшісі Алехандро Ариас Сарсуэла және Маврикий Республикасының елшісі Хесвар Джанке тапсырды.

Мемлекет басшысы дипломаттар алдында сөз сөйледі.

— Қазақстан сыртқы саясатында бейбітшілікті жақтайды, БҰҰ Жарғысының қағидаттарын берік ұстанады және халықаралық ынтымақтастыққа

әрдайым ашық. Біз Біріккен Ұлттар Ұйымының жаһандық кеңістіктегі орнын ешқандай құрылым алмастыра алмайтынына нық сенімдіміз. Бұл бірегей ұйымды әрқашан қолдаймыз. Осы орайда сіздердің елдеріңізбен екіжақты қарым-қатынасты, сондай-ақ көпжақты деңгейдегі байланыстарды дамытуға ниеттіміз. Қазақстан — қарқынды дамып келе жатқан мемлекет. Біз экономикамыздың тұрақтылығын қамтамасыз етуге ұмтылып отырмыз. Әрине, бұл оңай емес. Оның табысты болуы көп жағдайда халықаралық ықпалдастыққа, соның ішінде сіздердің елдеріңізбен арадағы ынтымақтастықты дамытуға байланысты, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев елшілерді Қазақстандағы дипломатиялық миссияларының ресми басталуымен құттықтап, олардың мемлекеттерінің басшыларына ізгі тілегі мен сәлемін жолдады.

КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ КҮНДЕЛІГІ

ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМА

КӨШ БАСТАП ТҰР



Қазақстан V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының үшінші күнінің қорытындысы бойынша медальдық есепте бірінші орында тұр. Бүгінге дейінгі медальдық көрсеткіштерде де үлкен айырмашылықпен көш бастап келеді. Жарыстың үшінші және төртінші күні спортшылар көкпар, көкбөрі, аударыспақ, жамбы ату, кураш, дәстүрлі садақ ату, қазақ күресі, мас-рестлинг, асық және тоғызқұмалақ, теңге ілу, құсбегілік, арқан тарту ойындары бойынша сайысқа түсті.

→ 8

ЖАСТАР МЕН КӘСІПКЕРЛЕР АЭС ҚҰРЫЛЫСЫН ҚОЛДАЙДЫ

АЭС салуды қолдау жөніндегі Халықтық штабтың өңірлерде халықпен кездесуі жалғасуда. Кеше Шымкент қаласында Штаб мүшелері атом электр стансасының артықшылығы туралы әңгімелесті.

Кездесу еліміздегі жетекші техникалық жоғары оқу орындардың бірі саналатын М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің студенттерімен жүздесуден басталды. Білім ордасының шәкірттері бірқатар техникалық мамандық бойынша білім алады, сондай-ақ ғылыми зерттеулер жүргізеді. Болашақ инженерлер Атом электр стансасы идеясының елді одан әрі дамыту және өндіріс саласында жаңа мультипликативті мүмкіндіктер жасау бағытындағы барлық перспективаны жақсы түсінеді. Сондықтан студенттер, жас ғалымдар, жастар ұйымдарының белсенділері кездесуде АЭС салу идеясын толық қолдайтындарын мәлімдеді.

→ 3



БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

ЭНЕРГИЯ – СТРАТЕГИЯЛЫҚ РЕСУРС



АЭС салу туралы сөз болғанда, халық арасында оның қауіпсіздігіне қатысты алаңдаушылық бар екенін аңғаруға болады. Алайда жасыл энергияға ұмтылған елдер үшін атом ең тиімді әрі тұрақты энергия көзі саналады.

→ 4

АЙТПАСАМ АЗАМАТТЫҢ АТЫ ӨЛЕДІ



Қайраткер, халықтың нағыз жанашыры бола білген Нұртас Оңдасыновтың туғанына биыл 120 жыл толып отыр. Азаматтың, Нұртас ағадай нар тұлғаның атын өлтірмей, естіп-білгенімді көпке айтуды парыз санадым.

→ 6

12 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | БЕЙСЕНБІ



СЕНАТ ТӨРАҒАСЫ ОТАНДЫҚ СПОРТШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев бүгін V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары аясында этноауылда өткен жамбы ату сайысының финалдық кезеңіне арнайы барып, қазақстандық спортшыларға қолдау білдірді.

Палата Спикері Дүниежүзілік көшпенділер ойындары ұлттық спортты және тарихи мұраны дәріптеуде айрықша мәнге ие екенін атап өтті.

«Көшпенділер ойындары – ұлттық спорт түрлерін және көшпенді халықтардың тарихи мұрасын дәріптейтін бірегей бастама. Сондықтан Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Көшпенділер олимпиадасы деп атаған осындай ауқымды іс-шараны өткізу елімізді танытып, тарихымызды насихаттау тұрғысынан аса маңызды. Бұл жобаны осыдан он жыл бұрын қырғыз ағайындарымыз алғаш рет ұйымдастырған болатын. Содан бері көшпенділер ойындары игі дәстүрге айналды. Биыл Қазақ елінде өтіп жатқан ойындар ұйымдастыру деңгейі, қатысушы елдердің саны және сайыс аясындағы мәдени бағдарламалардың ауқымы жағынан ерекше екені сөзсіз», – деп Мәулен Әшімбаев барлық спортшыға сәттілік тіледі.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, Көшпенділер ойындарында спортшылар жамбы атудың

төрт түрі бойынша сынға түсіп жатыр. Нақты айтқанда, олар корей, түрік, мажар және қазақ стилі бойынша бақ сынаиды. Аталған спорт түрінен 27 елден келген 78 мерген чемпиондық атақты сарапқа салады.

Айта кетейік, жарыстың бірінші күні 8 қыркүйекте өтті. Алғашқы алтын және қола медальдарды Франция ұлттық құрамасының спортшылары жеңіп алды. Ал «күміс» Моңғолия атлетіне бұйырды. Аталған сында қазақстандық Абзал Тұлыбеков алғашқы бестікке илігіп, үздіктер қатарынан көрінді.

Жалпы, V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына әлемнің 89 елінен келген 2 800 спортшы қатысып жатыр. Жоба қолға алынғалы бері өткен он жылда алғаш рет барлық құрлықтан қатысушы келді. Олардың арасында ең шалғайда орналасқаны Аустралия құрамасы екенін атап өткен жөн. Ойындар аясында ғылыми бағдарлама өткізуде көзделген. Оған 12 елден 75 маман қатысады деп жоспарланып отыр.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ АМАЛДАРЫН ТАЛҚЫЛАДЫ



Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің депутаттары Парламент пен Үкіметтің бірлескен кеңесінің отырысына қатысты. Онда Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы талқыланды.

Шараға қатысушылар алда тұрған саяси және экономикалық реформаларға жан-жақты тоқталды. Атап айтқанда, елімізде атом электр стансасын салу жөніндегі жалпыхалықтық референдумға баса назар аударылды.

Сенат комитетінің төрағасы Нұртөре Жүсіп 2024 жылғы Жолдау Президенттің алдыңғы Жолдаулары мен сайлауалды тұғырнамасына енгізілген реформалар бағытының жалғасы екенін атап өтті. Сенатор өз сөзінде Президент азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі жүйелі экономикалық өзгерістерге назар аударғанын жеткізді. Мемлекет басшысы айқындаған барлық тоғыз басым бағыт осы негізгі міндетті шешуді көздейді.

«Мемлекет басшысының Жолдауында жүзге жуық бастама мен ұсыныс қамтылған. Соның ең маңыздысының бірі – АЭС құрылысы туралы жалпыхалықтық референдум өткізу күнін белгілеу – қоғамда көптен бері айтылып келе жатқан тақырып. Референдум «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы мен Әділетті Қазақстан идеясының

тағы бір нақты көрінісі болмақ. Мемлекет басшысы интернет-алаяқтық, әскердегі тәртіп, есірткі бизнесіне қарсы күрес, педагог және медицина кадрларының жетіспеушілігі сияқты қоғамды алаңдататын бірқатар өзекті мәселеге де ерекше назар аударды. Жасанды интеллектті дамыту және осы технологияларды Қазақстанның цифрлық платформасына енгізу де Жолдаудың маңызды кезеңі, бұл өз кезегінде цифрлық технологиялар белсенді қолданылатын және дамыған елге айналуға көмектеседі. Жалпы, Жолдау өзекті мәселелерді шешуге және еліміздің стратегиялық даму мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған. Біз депутаттық корпус ретінде Президенттің барлық тапсырмасының орындалуын заңнамалық тұрғыдан жан-жақты қамтамасыз етуге міндеттіміз», – деді Нұртөре Жүсіп.

Сонымен қатар Nazarbayev University алаңында өткен жиында қатысушылар Мемлекет басшысының ел өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуы саласындағы тапсырмаларын жүзеге асыру мәселелерін де талқылады.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ДАМУҒА ӨЗЕКТІ

Кеше Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Депутаттар Қатармен басым салалардағы жобаларды дамыту үшін ұзақмерзімді стратегиялық әріптестік орнату туралы келісімді және ТМД-ның кейбір елдерімен биологиялық материал алмасу туралы келісімді ратификациялады. Сонымен қатар бірқатар жаңа заң жобасын жұмысқа алды. Оның ішінде «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодекске енгізілетін түзетулер де бар.



2024 жылы 20 наурызда Дохада Қазақстан мен Қатар үкіметтері басым салалардағы жобаларды дамыту бойынша ұзақмерзімді стратегиялық әріптестік орнату туралы келісімге қол қойды. Осы келісімді ратификациялау туралы заң жобасы туралы Премьер-Министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров баяндады.

– Келісім инвесторлар үшін тәуекелдерді азайтуды, тартымды инвестициялық орта қалыптастыруды көздей отырып, елімізге жалпы сомасы 20 миллиард АҚШ долларына жуық инвестиция тартуға мүмкіндік береді. Келісімде елімізде телекоммуникация, энергетика, газ өндіру және тасымалдау, қаржы салаларын қоса алғанда, 9 бірлескен инвестициялық жобаны іске асыру көзделген, – деді Н.Байбазаров.

Келісім аясында осы саладағы бәсекелестікті арттыру мақсатымен Мемлекет басшысының елімізге сенімді шетелдік банктерді тарту жөніндегі тапсырмалары қамтылады. Құжатқа сонымен қатар қуаттылығы жылына 1 млрд, 2,5 млрд және 6 миллиард текше метр газ өңдеу зауыттарын салу бойынша үш жоба кіреді. Бұл ретте «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырының екінші желісі, «Кс-14» жаңа компрессорлық стансасы және «Кс-14-Қостанай» газ құбыры, Қызылорда облысындағы аралас циклі газ зауыты негізіндегі электр стансасы және Ертіс өзенінде су электр стансасы салынады.

Заң жобасы бойынша жұмыс тобының жетекшісі Айтуар Қошмамбетовтің айтуынша, бұл келісім қосымша инвестиция тартуға, инфрақұрылымды жақсартуға, заманауи технологияларды енгізуге және жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді.

Баяндамаларды тыңдаған соң депутаттар шақырылған Үкімет өкілдеріне түзетулерге қатысты сұрақтарын қойды. Талқылау қорытындысы бойынша келісімді ратификациялады.

Бұдан соң мәжілісмендер биологиялық материал алмасу туралы келісімді де ратификациялады. Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушы Аманғали Бердалин оған Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстан 2022 жылғы 20 мамырда ТМД мемлекеттері Үкімет басшылары кенесінің отырысында қол қойғанын айтты.

– Келісімшарттың негізгі міндеттері: микроорганизмдердің биологиялық қасиеттерін, оның ішінде бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы зерттеу, зерттеулерде тек аккредиттелген өлдістерді қолдану және олардың нәтижелерінің құпиялығын сақтау, – деді А.Бердалин.

Аманғали Бердалин биологиялық материал алмасу аурудың қоздырғышын анықтауда эталондық үлгілер ретінде пайдалану үшін микроорганизм штаммдарының ұлттық коллекциясын толықтыруға мүмкіндік беретінін, сондай-ақ тараптардың келісімі бойынша вакциналардың қазіргі түрлерін әзірлеп, шығаратынын атап өтті.

Жұмыс тобының жетекшісі Қазыбек Әлішев қосымша баяндамасында келісім аясында жануарлардың жұқпалы және аса қауіпті ауруларының таралуын болдырмауға және қатысушы мемлекеттердің аумақтарын эпизоотиядан қорғауға бағытталған профилактикалық тәсіл жүзеге асырылатынын айтты.

Сонымен қатар бүгін Мәжіліс «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодекске енгізілетін түзетулерді жұмысқа қабылдады. Заң жобасына депутаттар бастамашы болды. Ол Мемлекет басшысының жер қойнауын пайдалану саласындағы тапсырмаларын іске асыруға бағытталған. Нормалардың бірінде жер қойнауын пайдаланудың бірінші платформасын құру көзделген.

Мәжіліс комитеттері басқа да жаңа заң жобаларын жұмысқа алды. Олар: БҰҰ бөлуді бақылау жөніндегі

күштеріне (UNDOF) ресурс ұсынатын Қазақстан Үкіметі мен БҰҰ арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумды ратификациялау туралы; Қазақстан мен Франция үкіметтері арасындағы Қазақстанда Француз даму агенттігі тобының жұмыс істеуі туралы келісімді ратификациялау туралы; Қазақстан Үкіметі мен Қырғыз Республикасы Министрлер Кабинеті арасындағы инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы; 2014 жылғы 29 мамырдағы ЕАЭО туралы шартқа одаққа мүше мемлекеттер арасында келендік әкелу баждарының сомаларын аударуға қатысты бөлікте өзгерістер енгізу жөніндегі хаттаманы ратификациялау туралы заң жобалары.

Жалпы, отырыс сонында мәжілісмендер мемлекеттік органдарға өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша 13 депутаттық сауал жолдады.

«AMANAT» партиясы фракциясының депутаты Әділ Жұбанов Көлік министріне жолдаған депутаттық сауалында шалғай ауылдардағы халықты толғандыратын бірқатар мәселесін атап, оны дамыту жолдарына тоқталды.

– Атырау облысы Құрманғазы ауданының шалғай ауылдарында болып, халықты толғандыратын мәселелермен жете танысып қайттым. Құрманғазылықтар үшін аудан елді мекендеріне кірме жолдар, ауылшілік жолдар салу, соның ішінде, Асан, Сүйіндік, Азғыр ауылдық округтері мен аудан орталығын байланыстыратын автокөлік жолын салу мәселесі өте өзекті.

Жоғарыда аталған аудандағы ауылдарға автокөлік жолын салуға қомақты қаражат қажет. Қазір оған облыстық әкімдіктің мүмкіндігі жоқ, себебі бюджетте қаржы тапшы. Биыл жергілікті бюджет қаражаты толықтай су тасқынынан бүлінген әлеуметтік нысандарды, инженерлік-инфрақұрылымдарды қайта қалпына келтіруге, халыққа өтемақы төлеуге жұмсалды. Өңірге су тасқынының салдарын жоюға республикалық бюджеттен әзірге 4 млрд теңге ғана бөлінді. Оның өзі зардап шеккен шаруа қожалықтары мен кәсіпкерлерге өтемақы төлеуге жұмсалмақ, – деді депутат.

Ә.Жұбанов Президенттің шекаралас аймақтарды дамыту жөніндегі тапсырмасына сай, Құрманғазы ауданының экономикалық-инвестициялық, туристік әлеуетін ескеріп, республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылуы қажет бірқатар ұсынысын жолдады.

Келесі бір «AMANAT» партиясы фракциясының депутаты Наталья Дементьева Тамара Босымбекқызына жолдаған депутаттық сауалында мектеп асханаларының жағдайы мәселесін көтерді.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың мектеп оқушыларын, соның ішінде бастауыш сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етуге арналған бағдарламасын жергілікті атқарушы билік органдары жүзеге асыру барысында елеулі олқылықтар жіберіп отыр. Маңғыстау облысындағы болған жағдайға алаңдаулымыз. Премьер-Министр аталған оқиғаны өзінің бақылауына алып, мектеп асханаларында санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің тексеру жұмыстарын жүргізуді міндеттеді. «AMANAT» партиясының фракция мүшелері тарапынан аталған мәселе үнемі көтеріліп келеді. Бірақ жауапты ведомство өкілдері де жергілікті атқарушы органдар да салғырттық танытуда, – деді депутат Н.Дементьева.

Депутаттық сауалында аталған мәселелерге қатысты Наталья Дементьева мектеп асханаларына жеткізілетін тағам өнімдерінің сапасы мен олардың жарамдылық мерзімін бақылауды қатаңдау қажет екенін атап өтті және осы салада монополияға жол бермес үшін мектептерге арналған тендерлерде ашықтық пен бәсекелестікті қамтамасыз ететін талаптарды күшейту туралы ұсыныс айтты.

ЖАСТАР МЕН КӘСІПКЕРЛЕР АЭС ҚҰРЫЛЫСЫН ҚОЛДАЙДЫ



АЭС салуды қолдау жөніндегі Халықтық штабтың өңірлерде халықпен кездесуі жалғасуда. Кеше Шымкент қаласында штаб мүшелері атом электр стансасының артықшылығы туралы әңгімелесті.

Кездесу еліміздегі жетекші техникалық жоғары оқу орындардың бірі саналатын М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің студенттерімен жүздесуден басталды. Білім ордасының шәкірттері бірқатар техникалық мамандық бойынша білім алады, сондай-ақ ғылыми зерттеулер жүргізеді. Болашақ инженерлер Атом электр стансасы идеясының елді одан әрі дамыту және өндіріс саласында жана мультипликативті мүмкіндіктер жасау бағытындағы барлық перспективаны жақсы түсінеді. Сондықтан студенттер, жас ғалымдар, жастар ұйымдарының белсенділері кездесуде АЭС салу идеясын толық қолдайтындарын мәлімдеді.

Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов атом электр стансасы экономиканың, өнеркәсіптің, білімнің, ғылымның дамуына тың серпін беретін аса маңызды жоба екенін ерекше атап өтті. АЭС түрлі тәуекелдің алдын алып, елімізді қуатты энергетикалық базасы бар прогрессивті мемлекеттердің қатарына қосады.

«АЭС салу – бір күннің мәселесі емес. Жобаны іске асыру он жылды, тіпті одан да көп уақытты алады. Бәріңіз де экономикасы дамыған, болашағы зор, қуатты да тәуелсіз Қазақстанда өмір сүргілеріңіз келетіні сөзсіз. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың да көздегені – осы. Қазіргі қолға алынып жатқан істер, ең алдымен, сіздер үшін жасалып жатыр. Ендеше батыл шешім қабылдайтын уақыт жетті. Ал батыл шешімді қабылдайтын – жастар! Олай болса, алдағы референдумда АЭС салуға қолдау көрсетіп, өз болашақтарыңыз үшін дұрыс тандау жасауларыңыз қажет», – деді Ерлан Қошанов жастарға қарата айтқан сөзінде.

Әңгімелесу барысында Халықтық штаб мүшелері АЭС құрылысы жастарға мол мүмкіндік беретінін атап өтті. Атап айтқанда, лайықты жағдайы бар он мыңдаған жаңа жоғары білікті жұмыс орны құрылады. Қазақстандағы жоғары оқу орындардың түлектері АЭС құрылысына қатысуға және отандық атом индустриясында қызмет етуге қажет барлық мүмкіндікке ие. Болашақта атом энергетикасын дамытудың тиісті мемлекеттік бағдарламасы әзірленіп, онда АЭС қажеттілігіне қарай арнайы кадр даярлауға ерекше көңіл бөлінеді.

Қала жастары атынан энергетика және дәстүрлі емес энергетикалық жүйелер кафедрасының PhD докторы Нұрсұлтан Файз, жас ғалым Исабек Әзімхан, жастар орталығының директоры Ақан Бесбаев, Студенттік парламенттің төрағасы Сабина Сағынтай АЭС-ті қолдауға қатысты өз ой-пікірлерін білдірді. Олар Қазақстанның прогрестен тыс қала алмайтынын, сондықтан бізге энергия беріп қана қоймай, отандық ғылым мен технологияны жана денгейге көтеретін, жастарға жана мүмкіндіктер жасайтын атом электр стансасы қажет екеніне сенім білдірді.

Бұдан соң АЭС салуды қолдау жөніндегі Халықтық штаб мүшелері зиялы қауым өкілдерімен кездесті. Іс-шара барысында Қазақстандағы атом энергетикасын дамыту перспективалары және алдағы 6 қазанда өтетін жалпыхалықтық плебисцитте АЭС-ты қолдап, дұрыс шешім қабылдаудың маңызы талқыланды. Әңгімелесу барысында референдумға қатысу үшін тұрғындарды жұмылдыру қажет екеніне ерекше назар аударылды. Халықтық штаб қоғамда зор беделге ие зиялы қауым өкілдерінің атсалысуы ел тәуелсіздігін одан әрі нығайтатын АЭС-тың маңызын адамдарға дұрыс жеткізуге мүмкіндік беретініне сенімді.

Осы күні штаб мүшелері «Тассай» индустриялық аймағына барып, кәсіпкерлермен және еңбек ұжымдарымен кездесті. Олар АЭС салынған жағдайда елдің экономикалық жағдайы қалай өзгеретінін айтты. Атап айтқанда, ұзақ уақыт пайдалануға болатын мұндай станция кәсіпорындар үшін аса маңызды электр энергияның тұрақты және қолжетімді тарифін қамтамасыз етеді. Бұл қалам зауыттардың, фабрикалардың өндіріс шығынын азайтып, өз тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ штаб мүшелері кәсіпкерлерге Қазақстан 2060 жылға қарай көміртекті бейтараптық бойынша міндеттеме қабылдағанын еске салды. Яғни, көмір технологиясымен өндірілетін барлық тауарға әлемдік нарықта қосымша салық салынады. Электр энергияның 70%-ын көмір стансаларынан алатын Қазақстан үшін бұл айтарлықтай кедергі болуы мүмкін. Сондықтан АЭС салу қазақстандық өнімнің халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілетін арттыруда стратегиялық маңызға ие.

Кездесу соңында кәсіпкерлер мен жұмысшылар алдағы референдумға белсенді қатысып, АЭС-ті қолдауға дайын екендерін жеткізді. Олардың айтуынша, атом энергетикасын дамыту Қазақстанның энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, елімізде озық технологияларды енгізуге, шетелдік инвестицияларды көбірек тартуға, өндірісті ұлғайтуға және жана жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді.

Дайындаған: «Nur Media» ЖШС.
Тапсырыс беруші: Оспанов М.Ж.
«AMANAT» партиясы» ҚБ қаражатынан төленді

ЖОЛДАУ

БІРЛІКТІ САҚТАУ БАСТЫ ҚАҒИДАҒА АЙНАЛУЫ КЕРЕК

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма төрағасы – ректор Жансейіт Түймебаев оқу ордасының оқытушы-профессорлар құрамы мен студент жастардың басын қосып көшбасшылық кездесу өткізді. Кездесуде ел Президентінің биылғы Жолдауын жан-жақты талқылады.



Университет басшысы жүздесуде әділетті Қазақстанды құрудағы жастардың рөліне тоқталып, Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде орын алып жатқан елеулі өзгерістерге назар аударды.

«Әділетті Қазақстанды болашақ ұрпаққа аманат ету – баршамызға ортақ міндет» тақырыбындағы шараға факультет декандары, ардагер оқытушылар, профессорлар, жас ғалымдар мен білім алушы жастар да белсене қатысты.

Ректор өз сөзінде Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Қазақстан халқына Жолдауы ең алдымен ел экономикасын жақсартуға, халықтың әл-ауқатын көтеруге, жастардың тұрғылықты белсенділігін арттыруға негізделген ауқымды жоспарларды қамтығанын жеткізді.

«Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауда ғылым және жоғары білімді дамыту, үздік университеттердің нақты сектормен байланысын нығайту мәселелері ортаға салынды. Инновациялық саясатты еліміздің ғылыми-технологиялық басымдықтарымен үйлестіру, жоғары оқу орындарындағы қолданбалы ғылымның әлеуетін арттыру қарастырылды. Ұлттық мүдделердің мызғымас-тығы, ұлт өмірінің сапасын арттыру, қауіпсіздік пен заң үстемдігін қамтамасыз етуге де айрықша маңыз берілді. Бұл тапсырмалардың біраз бөлігін университет өмірінде іске асырып жатырмыз, алдағы уақытта да жүйелі жалғастыратын боламыз», – деді ректор.

Оқу ордасының басшысы болашақ Қазақстанды дамыту, әділетті қоғам құруда жастарға артылар сенім мол екенін айта келе, ең басты міндет білімді және білікті маман болу екенін атап өтті.



«Президент өз сөзінде: «Біздің ұзақ мерзімге арналған даму жолымыз айқын. Биік мақсаттарымыз бар. Оған жету үшін, ең алдымен, ел бірлігін сақтай білуіміз керек. Бір-бірімізге қолдау білдіріп, құрмет көрсетуіміз қажет», – деді. Бұл – жалынды жастардың қолынан келетін дүние. Ел бірлігін, өзара татулықты сақтау басты қағидаға айналуы керек. Президент бұған дейін де бірнеше мәрте айтты. «Тәуелсіздік – ең қасиетті, қастерлі құндылығымыз, ең басты байлығымыз», – деп. Осы баға жетпес құндылығымыздың қадірін біліп, қуатты Қазақстанды дамыту – жастардың қолында. Әр алаңға және баршаға бірдей мүмкіндік беретін мемлекетті, яғни әділетті Қазақстанды болашақ ұрпаққа аманат ету – баршамызға ортақ міндет», – деді Жансейіт Кансейітұлы.

ЖОО ректоры кездесуде ҚР Президенті қойған міндеттер мен мақсаттарды орындауда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ айрықша үлес қосып отырғанын айтты. «Мемлекет басшысы Жолдауында алдыңғы қатарлы 23 шетелдік жоғарғы оқу орнының ашылғанын атап өтті. Соның екеуі біздің университетімізде ашылды. Атап айтқанда, Мәскеу ұлттық ядролық зерттеу университеті және Солтүстік-батыс политехникалық университеті. Бұған дейін Ыстамбұл және Бішкек қалаларында Президенттің қатысуымен ҚазҰУ филиалы ашылған болатын. Алдағы уақытта Ф.Достоевский атындағы Омбы мемлекеттік университетінде ҚазҰУ филиалын іске қосу жоспарланып отыр», – деді ол.

Көшбасшылық кездесуде Жансейіт Кансейітұлы оқу ордасы зерттеу мәртебесіне ие болғандықтан, ғылыми әлеуетті дамытуға университет баса назар аударатынын айтты. Сондай-ақ студенттердің емін-еркін білім алуы үшін университетте атқарылған жұмыстарға тоқталды.

Қорытынды кезеңде ректор студент жастарды уақытты тиімді пайдалануға, жиі кітап оқуға үндеп, баршаға ортақ бейбіт әрі жарқын болашақ құру жолында күш біріктіруге шақырды.



АЭС САЛУДЫ
ҚОЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ
ХАЛЫҚТЫҚ ШТАБ



БАТЫЛ
ШЕШІМДЕР
УАҚЫТЫ!

12 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | БЕЙСЕНБІ

ЭНЕРГИЯ – СТРАТЕГИЯЛЫҚ РЕСУРС

АЭС салу туралы сөз болғанда, халық арасында оның қауіпсіздігіне қатысты алаңдаушылық бар екенін аңғаруға болады. Алайда жасыл энергияға ұмтылған елдер үшін атом ең тиімді әрі тұрақты энергия көзі саналады. Біз физика-математика ғылымдарының докторы, «ҮМЭ» АҚ ғылыми орталығының басшысы Манарбек Қылышқановпен атом энергиясын бейбіт мақсатта қолданудың артықшылықтары туралы әңгімелескен едік.

– «АЭС не үшін керек?» деген сұраққа мамандардың көбі елімізде электр энергиясы жетіспейді, атом энергиясы экономикалық жағынан тиімді, экологияға зияны жоқ деп жауап береді. Сіздіңше, АЭС Қазақстанда энергия тапшылығын қалай құтқарады? Бір ғана АЭС салып, қуат жетіспеушілігін еңсере аламыз ба?

– Қазіргі уақытта энергия ең маңызды жаһандық стратегиялық ресурс болып табылады. Елімізде бүгінде энергияның тапшылығы көп емес, жылына шамамен 2000 мегаватт. Біртіндеп энергия тапшылығы арта береді. Жыл сайынғы электр энергиясын тұтыну өсімі 3%-ды құрайды.

Әрине, АЭС энергия тапшылығын толықтай қамтамасыз ете алмайды. Жаңа генерация құрылымында 2023-2035 жылдарда атом энергиясының үлесі 9% болады. Осы орайда 2035 жылға қарай жаңа энергетикалық блоктардың біршама мөлшері, оның ішінде газбен жұмыс істейтін стансаларды, бұл – 27%, жаңартылатын энергия көздерін (ЖЭК) – 36% іске қосу жоспарлануда. Салыстыру үшін айтсақ, 2023 жылы өндірістің жалпы көлемінен жаңартылатын энергия көзінің үлесі шамамен 12%-ды құрады.

Алайда Қазақстанның алдында тағы бір тапсырма тұр. Ол – атмосфераға көмірқышқыл газының шығарылуын азайту. Мысалы, органикалық отынды жаққан кезде шаруашылық қызметтен шығатын шығарындылардың жалпы көлемінен 81,6% көмірқышқыл газы түзіледі. 2060 жылға қарай Қазақстан жаңа мақсат қойды – көміртегі бейтараптығына қол жеткізу. Парниктік газдар-

дың шығарындылары жоқ генерация көздері – бұл атом электр стансалары, ГЭС және ЖЭК.

Оның үстіне, көмір стансаларына қарағанда АЭС-ті пайдаланған кезде күкірт, азот тотығы, күл, көмірқышқыл газы және қалдықтар түзілмейді.

Бізше ШКО-да ірі өзеннің болуы есебінен ГЭС-тің энергиясын пайдалану мүмкіндігі бар. Ертісте ГЭС қаскады бар, Семей қаласының аумағында тағы бір ГЭС салу жоспарда бар. Тағы да шағын ГЭС-терді салу жобасы бар, бірақ олар энергияның жалпы өндірісіне айтарлықтай үлес қоспайды. ГЭС есебінен энергия шығару мүмкіндігі Қазақстанның көптеген аумақтарында жоқ.

Жаңартылатын энергия түрлері де негізгі болып табылмайды, яғни олар жыл бойы тәулігіне 24 сағат жұмыс істемейді. Олардың жұмыс істеуі үшін көптеген ресурс – үлкен аумақтар мен ауа райының арнайы жағдайлары қажет. Оған қоса, олардың белгіленген қуатын пайдалану коэффициенті төмен: желмен жұмыс істейтінде – 24%, күнмен – 18%. АЭС коэффициенті бұларға қарағанда 90%-ды құрайды.

– Егер АЭС салынатын болса, ғылыми практикада қай елдің технологиясы озық және біз қай елдің тәжірибесіне жүгінгеніміз дұрыс деп ойлайсыз?

– Қазіргі уақытта әлеуетті өнім берушілер ретінде «CNNC» (КХР, HPR-1000 реакторы), «Rosatom» МК (РФ, ВВЭР-1200 реакторлары), «KHNP» (Оңтүстік Корея, APR-1000 және APR-1400 реакторлары) және «EDF» (Франция, EPR1200 реакторы) компаниялары қарастырылып отыр. Барлық технологиялар бірдей за-

манану және таңдау туралы шешім Үкімет деңгейінде қабылданады.

– АЭС аймақ халқының тұрмыс-тіршілігіне қалай әсер етеді? Олардың денсаулығына қауіп жоқ па, экологияға зияны тимей ме?

– Атом электр стансалар тарихында 60 жылда үш ірі апат болды. 1979 жылы американдық Три-Майл-Айлендтің бұзылуына байланысты белсенді аумақты балқытып жібере жаздады. 1986 жылы Чернобыль АЭС жарылды. 2011 жылы Жапонияда жер сілкінісі мен цунамиден кейін Фукусима АЭС-інде апат болды. Алты реактордың үшеуінде отын балқыды. Мұның бәрі – екінші буынды стансалар. Бүгінде Қазақстанда 3+ буынды реактор салу жоспарланып отыр. Үлкен апаттың ықтималдылығы жылына 10-7 оқиғаны құрайды.

– АЭС радиоактивті қалдықтарсыз болмайтыны шындық, оны қайта өңдеу және сақтау әлемдік деңгейде әлі де шешімін таба қойған жоқ. Қазақстан радиоактивті қалдықты қайда, қалай сақтамақ? Мүлде зарарсыздандыру мүмкін бе?

– Бұл сұрақ «Қазақстандық атом электр станциялары» ЖШС (КАЭС) құзыретінде, оның құрамына АЭС құрылысы және атом энергетикасы мәселелері жөніндегі сарапшылар кіреді.

– Станса Алматы облысында Балқаш көліне жақын орналасқан Үлкен ауылының маңында салынатыны нақты шешілді ме? Балқаш көлінің су деңгейі АЭС-ке қажетті сұранысты өтей ала ма? Су сапасына әсері бола ма?

– Су қажеттіліктеріне келетін болсақ, салқындатқыш мұнаралардағы

(салқындатқыш қондырғыларындағы) судың азаюы климаттық жағдайларға, яғни ондағы айналым су көлемінің булану мөлшеріне байланысты. Қуаты 2 400 мегаватт болатын екі блоқты АЭС үшін судың жобалық шығыны жылына 63 млн текше метрді құрайды, бұл Балқаш көлінің табиғи булануының 0,32%-на тең, ол жылына 18 млрд текше метрден асады. Яғни, Балқаш көліндегі судың жалпы көлемі шамамен 108,3 млрд текше метрді құрайтынын ескерсек, АЭС көлдің су балансына еш әсер етпейді деп айтуға болады.

– Атомды бейбіт мақсатта энергия көзі ретінде пайдалану еліміздегі ғылымның, технологияның және өндірістің дамуына ықпалы қандай болады деп ойлайсыз?

– Жалпы, республикада ядролық технологиялар саласында жоғары деңгейде дамыған ғылыми-техникалық инфрақұрылым бар. Мысалы, АЭС қауіпсіздігі бойынша Ұлттық ядролық орталықтың (ҰЯО) зерттеу нәтижелері Жапония, Франция және Ресейдегі атом энергетикалық стансаларын жобалау және пайдалану кезінде қолданылып келеді. Сондай-ақ атом энергетикасынан басқа, атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдаланудың көптеген бағыттары бойынша, тек іргелі зерттеулер саласында ғана емес, сонымен қатар бірқатар қолданбалы салаларда жұмыс істейтін Алматы ядролық физика институтының зерттеулері де белгілі. Мысалы, Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік – АЭХА (МАГАТЭ) тапсырысы бойынша Институт Қырғызстанға медициналық радиоизотоптарды жеткізуді

бастады. Сондай-ақ Институт, ҰЯО сияқты, атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласында кадрлар даярлау бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Атом энергиясы Қазақстан үшін жаңа нәрсе емес. Өткен ғасырда Ақтауда (ол кезде Шевченко) БН-350 жылдам нейтронды әлемдегі алғашқы тәжірибелік-өнеркәсіптік энергетикалық реактор сәтті пайдаланылды. Қазіргі уақытта республикада үш зерттеу атом реакторы жұмыс істейді, оның екеуі – Ұлттық ядролық орталық базасында және біреуі – ядролық физика институтының базасында.

Мұның барлығы отандық атом энергетикасын дамытуды бастау қажеттілігі туралы сенімді түрде айтуға мүмкіндік береді. Осылайша, Қазақстанда атом энергетикасын дамыту келесі мүмкіндіктерді береді: көміртексіз энергия генерациясына көшу жағдайында елдің индустриялық экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз ету, өнеркәсіптің жалпы технологиялық деңгейін арттыру, елді тиімді индустрияландыру, шикізаттық бағыттан кету, білім экономикасын дамыту үшін негіздер құру, атом өнеркәсібі мен энергетиканы, сондай-ақ атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдаланудың басқа да бағыттарын (ядролық медицина, өнеркәсіптегі ядролық технологиялар, ғылым) одан әрі дамыту үшін ынталандырулар жасау мүмкіндігі туады.

– Ал АЭС энергетикалық тәуелсіздік пен қауіпсіздікке қаншалықты кепіл бола алады? Сонымен қатар АЭХА АЭС-тің қауіпсіздігіне қаншалықты жауап бере алады?

– АЭХА командасы АЭС орналасу ауданын таңдау бойынша жүргізілген зерттеулердің тиісті бөлімдерін зерттеді, АЭС орналастырудың әлеуетті ауданына (Алматы облысы, Үлкен ауылы), оның ішінде манайындағы метеорологиялық және сейсмикалық мониторинг стансасына барып қайтты және Қазақстанның техникалық органдары мен ұйымдарының тартылған өкілдерімен бірқатар талқылаулар өткізді. АЭХА сарапшылары Қазақстанның ынтмақтастыққа дайындығын және жобаны басқарудағы жоғары кәсібилігін мойындады.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан
Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ • ЦЕНТРАЛЬНАЯ КОМИССИЯ РЕФЕРЕНДУМА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

РЕФЕРЕНДУМ 2024

«РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМҒА ҚАТЫСУҒА ҚҰҚЫҒЫ БАР АЗАМАТТАРДЫҢ ТІЗІМІНЕ ЕНГІЗІЛГЕНІН ТЕКСЕРУ ТУРАЛЫ»

2024 жылғы 6 қазанға тағайындалған республикалық референдумда дауыс беру күніне 18 жасқа толған Қазақстан Республикасы азаматының қатысуға құқықтық негізі бар.

✓ Тізімдерді әкімдіктер нақтылы дауыс беру учаскесіндегі тұрғылықты мекенжайыңыз бойынша тұрақты тіркелуіңіздің негізінде жасайды. Егер тұрақты тіркелуіңіз болмаса, Сіз референдум тағайындалған сәттен бастап тиісті жергілікті атқарушы органда дауыс беруші ретінде тіркеле аласыз.

✓ Дауыс беру учаскелері тиісті әкімдердің шешімдерімен құрылады және олардың шекаралары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

✓ 2024 жылғы 20 қыркүйектен бастап өз учаскеңізде Сіз республикалық референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінен өзіңіз туралы деректерді тексере аласыз.

✓ Қандай да бір өзгерістер енгізу қажет болса, дереу учаскелік референдум комиссиясына өтінішпен жүгінуге болады.

✓ Егер азамат өзінің болатын жерін өзгертсе, 2024 жылғы 20 қыркүйектен бастап 5 қазан күнгі сағат 18.00-ге дейін учаскелік комиссияға өтініштің негізінде есептен шығару куәлігін алуға құқылы.

✓ Есептен шығару куәлігін сенімхат негізінде алуға рұқсат етіледі. Бұл ретте сенімхатты нотариаттық куәландыру қажет емес. Есептен шығару куәлігін ұсынған кезде референдумның учаскелік комиссиясы дауыс беру күні азаматты оның болатын жері бойынша сайлау учаскесіндегі тізімге енгізеді.

✓ Бір елді мекеннің шегіндегі басқа учаскеде дауыс бергісі келетін азаматтарға есептен шығару куәлігі берілмейді.

Өркімнің дауысы маңызды!
Қазақстан Республикасының
Орталық референдум комиссиясы

✓ 6 қазан
6 октябрь
РЕФЕРЕНДУМ · 2024

КОРОНАВИРУСТАН СОҢ КЕШЕГІ, ЖЕТТІ МАЙМЫЛ ШЕШЕГІ

Кейінгі уақытта елімізде маймыл шешегі ауруының кеңінен таралып жатқаны туралы ақпарат ағыны көбейді. Аталған ауру түрі бүгінде Қазақстанды ғана емес, күллі жаһан елдерін алаңдатып отыр. Әлемдік деңгейдегі тәжірибелі медицина саласы өкілдерінің дабыл қағуының жөні де бар. Себебі маймыл шешегі ауруы уақыт өткен сайын белең алып, адам шығынына әкеліп соғуда. Қауіпті бәлекеттің адамзат өміріне орасан зор залалын түсінген Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) басшысы Тедрос Адханом Гебрейесус маймыл шешек эпидетін халықаралық маңызы бар денсаулық сақтау саласындағы төтенше жағдай деп жариялады. Қазір маймыл шешегінің жаңа түрінің Африканың өзге мекендеріне немесе көрші елдерге тарап кетуі – денсаулық сақтау саласы өкілдерін алаңдатып отырған басты мәселелердің бірі.



А Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

МАЙМЫЛ ШЕШЕГІ ӘЛЕМНІҢ 116 ЕЛІНДЕ ТІРКЕЛГЕН

Таяуда ДДСҰ маймыл шешегі әлемнің 116 елінде тіркелгенін мәлімдеді. Әсіресе, Африкада ахуал өршіп тұр. Африканың ауруларды бақылау және алдын алу орталықтары мамандары жыл басынан бері «қара құрлықта» маймыл шешегін шамамен 23 мыңға жуық адам жұқтырса, оның 622-сі көз жұмғанын жеткізді. Ресми деректерге сүйенсек, қазіргі уақытта Африкада ауруды аптасына 4 мыңға жуық адам жұқтырады. Биыл тамыз айының соңында мұнда маймыл шешегіне шалдыққан науқастар саны 200 пайызға дейін артқаны белгілі болды.

Қазір маймыл шешегі ауруын алдын алуға бағытталған түрлі іс-шара бойынша еліміз де тысқары қалған жоқ. Бас мемлекеттік санитарлық дәрігердің міндетін атқарушы Нұрқан Сәдуақасов жұқпалы індеттің таралуына қатысты қаулы қабылдаған еді. Қаулы негізінде енді жергілікті атқарушы органдар маймыл шешегі ауруына күдікті адамдарды анықтауға, эпидемиологиялық анамнез жинауға, байланыста болған адамдарды оқшаулауға, сондай-ақ емдеу міндетті. Онымен қоса, соңғы 21 күн ішінде шетелге, соның ішінде маймыл шешегі дерті жайлаған эпидемиялық елдерге барып-келген азаматтар медициналық бақылауға алынады.

ИНФЕКЦИЯ ЕН АЛДЫМЕН АУА ТАМШЫСЫ АРҚЫЛЫ ЖУҒУЫ МҮМКІН

Әлемде жұқпалы дерттің өршігені туралы ақпарат жария болған уақыттан бастап елімізде маймыл шешегіне байланысты түрлі қауіптілік тарағаны рас. Әлеуметтік желілерде «елде бетперде режимі енгізіледі, оқу орындарында сабақ онлайн форматқа көшірілуі мүмкін» деген сияқты ресми расталмаған ақпараттар саны көбейді. Мамандар маймыл шешегі қауіпті ауру түрі екенін, сонымен қоса бұл дерт осы күнге дейін еліміздің медицина тәжірибесінде мүлде кездеспегенін алға тартады. Сондықтан аурудан төнер қауіп пен оның салдары туралы ел ішінде ақпараттық жұмыстың жүргізілуі дәл қазіргі кезеңде өте маңызды. Медицина саласының өкілдері егер жұқпалы дерт Қазақстанға да жетіп, алайда мемлекет ауруды еңсеруге іс жүзінде дайын болмаса, ел азаматтарына да, медицина мамандарына да қиындық тудыратынын айтады. Біз осы ретте дерттен келер қауіп пен аурудан сақтану жолдары, маймыл шешегінің таралуы бойынша Алматы қаласындағы қазіргі ахуал турасында білу үшін Алматы қаласының Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментіне байланысқа шыққан едік. Департамент өкілі әртүрлі Алматы қаласында маймыл шешегінің жұқтыру бойынша деректер тіркелмегенін мәлімдеді. Алматы қаласының

Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әсел Қалықова негізінен инфекция адам ағзасына бірнеше жолмен жұғатынын атап өтті. Сондықтан да әлемде маймыл шешегінің таралу қарқыны өзгеріс төмендемей тұр.

— Инфекция ең алдымен ауа тамшысы арқылы жұғуы мүмкін. Вирус ұзақ уақыт бойы бір бөлмеде болған жағдайда тыныс алу кезінде бөлінетін тамшы бөлшектері немесе аэрозольдері арқылы адам ағзасына енеді. Екіншіден, қарым-қатынас арқылы жұғады. Бұл дегеніміз — «бетпе-бет» байланыс (сөйлесу немесе тыныс алу кезінде), теріге жанасу (жанасу немесе жыныстық қарым-қатынас арқылы), «ауыздан ауызға» жанасу (сүйісу арқылы), «ауыздан теріге» жанасу (жыныстық қарым-қатынас немесе тері бетінен сүйісу арқылы) кезінде таралады. Үшіншіден, инфекция алиментарлық жолмен берілуі мүмкін. Бұл көбіне мұқият термиялық өңдеуден өтпеген жануарлардың етін жеген кезде болатын жағдай, — дейді ол.

Одан өзге маймыл шешегі адамға ауру жануарлардың тістеуі немесе тырнауы арқылы, аң аулау, терісін алу, тамақ дайындау, терісімен жұмыс істеу немесе жануарлардың етін жеген кезде жұғады.

— Жануарлар популяциясындағы вирус айналымының ауқымы толық белгілі емес. Қазір одан әрі зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Адамдарға маймыл шешегі киім-кешек немесе төсек-орын сияқты ластанған заттардан, сондай-ақ денсаулық сақтау мекемелерінде, тату салондары сияқты қоғамдық орындарда өткір құралдардан зарақат алу кезінде жұғуы мүмкін, — дейді Ә. Қалықова.

АУРУ КЛИНИКАЛЫҚ КӨРІНІС БЕРМЕУІ ДЕ МҮМКІН

Әсел Токанқызының айтуынша, вирус денеге зақымдалған тері, шырышты қабаттар (ауыз қуысы, жұтқыншақ, көз, жыныс мүшелері, анус және тік ішек) немесе тыныс алу жолдары арқылы енеді. Маймыл шешегі отбасы мүшелері мен жыныстық серіктестерге берілуі ықтимал. Сондай-ақ маман бірнеше жыныстық серіктестері бар адамдарда вирусты жұқтыру қаупі аса жоғары екенін негізге алды.

— Маймыл шешегі әдетте өздігінен қайталады. Бірақ кейбір адамдарда, әсіресе, балаларда, жүкті әйелдерде немесе басқа денсаулық жағдайларына байланысты иммунитеті төмен адамдарда ауыр жағдайда өтіп, нәтижесінде әртүрлі асқынға әкеледі. Нақтырақ айтсақ, науқастан көру қабілетінің төмендеуі, тыныс алу жеткіліксіздігі, қан кету, анурия байқалады. Маймыл шешегінің инкубациялық кезеңі әдетте 6-дан 13 күнге дейін, тіпті 5-тен 21 күнге дейін өзгереді. Кейде клиникалық көрініс бермеуі де мүмкін, — дейді маман.

**КӨБІНЕ БАЛАЛАР МЕН
ЖАСӨСПІРІМДЕР ЗАРДАП ШЕГЕДІ**
Ауруға шалдыққан науқаста 3-4 күн аралығында қызуы 38,5° С дейін көтеріледі.

Бетте, аяқта, алақанда, ауыз қуысы, шаппен жыныс аймағында, ануста, содан кейін денеде бөртпе пайда бола бастайды. Маманның айтуынша, бөртпе 30% жағдайда жыныс мүшелерін, 20% жағдайда көздің қабақ аймағын зақымдайды. Ол жыныс мүшелері мен көз аймағында қатты ауырсыну белгілерімен жүреді.

— Маймыл шешегі — Orthopoxvirus тұқымдасының өкілі маймыл шешек вирусы (MPXV) тудыратын зооноздық ауру. Вирус потогенділігі бойынша 1 топқа жатады, ДНК құрамдас. Инфекцияның табиғи резервуары белгісіз, тиындар мен маймылдар сияқты әртүрлі ұсақ сүтқоректі вирусқа бейімді келеді. Вирус көздері мен резервуары — дала иттері, африкалық тиындар, тышқандар, гамбиялық егеуқұйрықтар мен приматтар. Аурудың продромальды кезеңінің ұзақтығы 1-4 күн аралығын қамтиды. Бұл кезеңде адамда қызба, бас ауруы, арқа ауруы, миалгия, жалпы әлсіздік, лимфа түйіндерінің ісінуі (лимфаденопатия) байқалады, — дейді Ә. Қалықова.

Әсел Токанқызы жақын арада шетелге шығуды жоспарлап жүрген азаматтарға аймақтағы эпидемиологиялық жағдай туралы ақпаратты алдын ала бақылап отыруға, эндемиялық өңірлерге барған уақытта абай болуға және барлық сақтық шарасын қолдануға шақырады. Маман түрті бөртпелері немесе аурудың басқа белгілері бар адамдармен жақын қарым-қатынасты азайтуға, сондай-ақ науқастарға күтім жасау кезінде бетперде мен қолғаптар, жеке қорғаныс құралдарын қолдануға кеңес береді.

— Егер сізде аурудың алғашқы белгілері пайда болса, инфекцияның ықтимал таралуын болдырмау үшін өзге адамдармен байланыстан аулақ болыңыз. Бетперде қолданып, теріңізге және бөртпелерге қол тигізбеңіз. Қолыңызды жиі түрде жуыңыз және жанасқан беттерді зарарсыздандырыңыз. Маймыл шешегіне ұқсас белгілер пайда болса, дереу медициналық көмекке жүгіну маңызды. Егер үйге оралғаннан кейін 21 күн ішінде бөртпе безегі, бас ауруы немесе лимфа түйіндерінің ісінуі секілді белгілер пайда болса, дереу дәрігерге қаралуға кеңес береміз. Медициналық мекемеге барған кезде дәрігерге тиісті тағайындау үшін қайда болғаныңызды және кіммен байланыста болғаныңызды хабарлауды ұмытпаңыз, — деп сөзін қорытындылады Алматы қаласының Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Ә. Қалықова.

Бүгінде маймыл шешегіне байланысты деректер Африкадан тыс Пәкістанда, Швецияда, Таяу Шығыстың Мардан қаласында тіркелген. Мрех індетінің («эмпокс» — маймыл шешегінің жана атауы) ошағына айналған Конго Демократиялық Республикасында маймыл шешегімен көбіне 15 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер зардап шегеді. Денсаулық сақтау саласының мамандары қауіпті дерттен балаларды сақтандыру аса өзекті екенін ескертеді.



«АҚЖАЙЫҚТЫҢ» АХУАЛЫ МӘЗ ЕМЕС

«Ақжайық» — БҚО-дағы жалғыз футбол клубы. Клубтың жартығасырлық тарихы бар. Республикалық лигаларда жеткен жетістігі де бір төбе. Талай аяқдоп шеберін шыңдаған үлкен спорт мектебі бұл. «Ақжайық» клубынан түлеп ұшқан премьер-лига ойыншылары Руслан Валиулин, Еркін Тапалов, Батыр Мұқашев, Санжар Ерниязов секілді аяқдопшылар қазір ұлттық құрамада ойнап жүр. Бүгінде де командада бірде-бір легионер жоқ. Бірақ соңғы кездері футбол клубының басынан бағы тайып тұр. Ақжайықтың намысын қорғап жүрген футболшылар 9 айдан бері жалақысыз отыр. Ал футбол клубының өзі өне-міне банкрот деп танылуы мүмкін.

А Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

Бұл футбол клубы төрт жыл бұрын сенімгерлік басқаруға берілген. Бұған дейін футбол спортына қазынадан 1 млрд теңге бөлініп келген. Бірақ екі жыл бұрын «Ақжайық» премьер-лигадан шығып қалған кезде депутаттар «миллиардтар желге ұшып жатыр» деп бюджетті 400 млн теңгеге дейін қысқартып тастады. Қаржының осынша қысқарып қалғанына сол кезде футболшылар қарсы шығып, біраз тулаған еді. Ал биыл спортшылар сол 400 млн теңгені өзіне зар болып отыр. Тоқал ешкі мүйіз сұраймын деп құлағынан айырылғанын кері дерсіз. Ал спорт басқармасы биыл берілуге тиіс 400 млн теңгені бастапқыда тасқына кетті делі, кейін конкурс ережелері өзгеруіне байланысты қаржы беру кешеуілдеп жатыр дегенді.

Жергілікті билік түрлі сылтауды алға тартып, үде еткен 400 млн теңгені бермей отыр. 100-ден астам қызметкер 9 ай бойына жалақысыз, ал балалар футбол командасы жарыссыз қалған. Клуб жазда спорт басқармасын сотқа берген еді. Сот шешімімен мемлекеттің сатып алу конкурсы үшінші рет қайта жарияланды.

Биліктің үде еткен қаржыны уақытында бермей, футболшылардың өзін әрі-бері допша «тепкеніне» наразы клуб жетекшілігі журналистерді жинап сұхбат берді. Біраз дүниені айтты.

— Егер футбол клубымыз жабылатын болса, өңірде үш жылға дейін кәсіби футбол клубы мүлдем болмайды. Қандай мақсатта, не себептен барлығы әкімдік болып, футболға қарсы шығып отырғанын білмеймін, біріншіден, екіншіден, ел көріп отыр, шын мәнінде қолдау таппай отырмыз, — дейді «Ақжайық» ФК президенті Гүлдария Қауиева.

Футбол клубы конкурс өткізу үшін құжаттарды толықтырудың соңғы күніне де үлгермей қалған. Себебі футбол клубының құжаттары түгел болмай шыққан. Клуб басшылығы «Бұл — қаржы бермеудің сылтауы» десе, спорт басқармасы заң аясындағы талап екенін алға тартты.

— Оларда бір құжат жетпей тұр. Соны басқарма басшысы ретінде сіз бергізбей отырсыз, соны бізге беруге жәрдемдесуіңізді сұраймыз деген мәселе көтеріп отыр. Ол менің құзыретімде емес. Банкрот жасау, жабу деген мәселеге мемлекет априори қоя алмайды. Себебі бұл клуб — жеке клуб, — делі БҚО Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Жәніс Нығматуллин.

«Қаржысыз қалған соң ойынымыз сүренсіз болып, жеңілістен көз ашпадық» деп күйінді бапкерлер. Белшеден қарызға батқан клубтың стадионы да жоқ. Әкімдік сенімгерлік басқаруға берілген бұл нысанды халықаралық стандартқа сай емес деп қайтарып алыпты. Жағдай өзгермесе, облыс намысын қорғап жүрген 52 жылдық тарихы бар клубтың құрдымға кетуі мүмкін, — дейді басшылары.

— 4 жылдың ішінде 800 миллион өзімнің қалтамнан салынды. 20 шақты бапкеріміз қысқарды, 400 баламыз қысқарып қалды. Бапкерлеріміз бар, футболшыларымыз бар, 9 ай күтіп, қазір маған мүмкіндік беріп отыр, — дейді «Ақжайық» ФК президенті Гүлдария Қауиева.

Футбол клубында қаржының жоғы азай, бұлардың лигаға дайындалатын орындары да жоқ болып шықты. Қазір БҚО футболшылары әр есікті бір қағып көмек сұрап жүр. Әлі күнге БҚО өкіміне кіре алмай отыр.

— Жыл бойы жаттығу жасайтын жабық залдардың, яғни маңайдағы жоғын футболшылар дұрыс дайындала алмайды. Бұған қажетті жабықтардың жоғын, білікті бапкерлердің аздығын қосыңыз. Айта берсе, мәселе жетерлік. Биыл бюджеттен бөлінген қаражаттың 2022 жылмен салыстырғанда, үш есеге азайтылуы салдарынан негізгі құрама балалар мен жасөспірімдер, қыздар командаларында қиындықтар туғанын жасырын емес. Яғни, аталған командалардың жас ерекшеліктеріне қарай өтетін ел чемпионаттарына толыққанды қатысуына бюджеттен берілетін қаржы жеткілікті есептелмеген. Салдарынан қаржы жетіспейді, оған қоса билеттер, қонақүйлердің және басқа көрсетілетін қызметтер бағасының қымбаттауы қолбайлау болып келеді», — дейді футбол клубының директоры Манарбек Ержанов.

Президент күні кешегі Жолдауында бұқаралық спортты дамытуды тапсырды. Ал БҚО-да билей футбол клубы жабылудың аз-ақ алдында тұр. БҚО спорт басқармасының басшылығы футбол клубына тиісті қаржыны бөлуі неге созып келе жатқаны да түсініксіз. Басында футболға бөлінген қаржы су тасқынына қарсы жұмыстарға жұмсалып кетті дегенді. Кейін басқа да сылтаулар айта бастады. Ал жартығасырлық тарихы бар «Ақжайық» футбол клубының ойыншылары 9 айдан бері жалақысыз отыр. Басын тауға да, тасқа да соққан аяқдопшылар енді кімге барып басынаын айтарын да білмейді.

12 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | БЕЙСЕНБІ

АЙТПАСАМ АЗАМАТТЫҢ АТЫ ӨЛЕДІ

Қайраткер, халықтың нағыз жанашыры бола білген Нұртас Оңдасыновтың туғанына биыл 120 жыл толып отыр. Азаматтың, Нұртас ағадай нар тұлғаның атын өлтірмей, естіп-білгенімді көпке айтуды парыз санадым. Бүгінгі жастар, ертеңгі ел билейтін басшылар, соларға сабақ болса екен, үлгі алса екен деген ілгері ниет қана мендегі.

шәкірттері Сағидолла Құбашев, Саламат Мұқашев, Рахмет Өтесінов, Сафи Өтебаевтар... арнайы қонақтыққа шақырған ғой. Жана солардың біразын көрдім...

Қазақстанның Үкіметін 13 жыл басқарып, Гурьевтің өзінде сегіз жылға жуық қызмет істеген адамның халыққа сіңірген еңбегі бар шығар. Бірақ сол дұрыстап аталып, адам сияқты зейнеткерлікке шығарып салынбады. Алматыдан келген Орталық

стадионда 500 домбырашы қатысқан концерттің жөні тіптен бөлек болды. Бұл бір облыс халқы үшін серпіліс, көңіл күйдің шалқыған сәті еді. Ұмытпаймын! Фестивальге қатысқан қаншама домбырашы, әнші жастардың таланты байқалып, Мәскеуде өткен Бүкілодақтық жастар фестиваліне қатысты емес пе! Оркестрлі басқаруға Алматыдан оқу бітіріп жатқан атыраулық жастарды, ерлі-зайыпты Раушан мен Сейілхан Құсайыновтарды шақырып, бірден пәтер



Біздің отбасымыз Маңғыстау ауданының «Октябрьдің 40 жылдығы» атындағы колхозда тұрды. Әкем Балықбай Серікбаев осы колхозда ферма менгерушісі еді. Мен мектепті бітірген соң шоферлік курсты оқып, машина жүргізушісі болып қызмет атқардым. Бір күні әкем: «жинал, екеуіміз Гурьевке барып келеміз», — деді. Есімде, бұл 1964 жылдың қазан айының екісі болатын. Аудан орталығы Таушық бізден 35 шақырым қашықтықта, сондағы аэропортқа әкем екеуіміз келдік. Аэропортта бізді Маңғыстау өңіріне белгілі құрметті азамат Хиту Бекжанов ағамыз күтіп отыр екен. Содан үшеуіміз Гурьев қаласына АН-2 самолетімен ұштық. Ол жерде алдымыздан бір жас жігіт шығып күтіп алды, астында «ГАЗ-69» автокөлігі бар екен, бізді соған отырғызып жатып: «...Құлсарыға барамыз, жол ұзақ, екі жүз шақырымдай жүрміз. Егер ас-су ішіп аламыз десеніздер дәмханаға апарайың», — деді. Хиту аға: «ас-суды сонда барып ішерміз, үлкен кісілер күтіп отырған шығар... Жүре бер, қалқам», — деді.

Ол кезде Гурьев пен Құлсары ортасында жөнді жол да жоқ, үш-төрт сағатта зорға жеттік-ау. Бір үйдің есігінің алдына келіп тоқтадық. Әкем мен Хиту аға үйге беттеді, мен арттарынан еріп келемін. Үйдің ішінен абыр-дабыр адамдардың дауысы шығады. Үлкен бөлмеге кірдік. Бірден көзім төрде отырған Нұртас Оңдасыновқа түсті, тани кеттім. Өйткені Нұртас аға біздің жаққа да талай келген, үйімізде қонақ та болған. Әкем екеуінің бір-біріне деген сый-құрметі барын сезетінмін. Отырғандардың бәрі орындарынан тұрып әкем мен Хиту ағамен жамырай амандасты. Нұртас аға болса маған қарап: «мына батыр да келіп қалған ба?!» — деп, жылы шырай танытты.

Дастарханның үсті түрлі тағамдарға толы. Қарным ашып келген мен жан-жағымна қарамай тамақты жеп жатырмын, бала емеспін бе. Үлкендер болса әңгіме-дүкен құрып отыр, назардың бәрі төрдегі Нұртас ағада. Әңгімелерінің бірін ұқсам, бірін ұқпаймын. Сөйтсем, бұл үй Жылыой ауданының бірінші хатшысы Саламат Мұқашевтың отаны екен. Саламаттың әкесі Көңілқош аға Нұртас ағамен түйдей құрдас болып шықты. Екеуі бір-біріне қалжың айтып қояды, оған басқалары ду күлседі. Жиналғандардың сәнді киініп, салтанатты отырыстары, ұлап-шуламай, байсалды әңгіме-дүкен құрулары маған қатты ұнады. Көбіне Нұртас аға сөйлейді, басқалары ынта қоя тындайды. Неге екенін білмеймін, қаншама жылдар өтсе де осы бір сәт санамда тура кешегідей сайрап тұрады, ұмытпаймын.

Бұл жиналыстың мәнісі өткен жылы зейнеткерлікке шығып, Мәскеуге көшіп кеткен Нұртас Оңдасынов ағаны ел азаматтары арнайы қонаққа шақырып, 60-қа толған жасын «өзім» деген аз ғана адаммен тойлап отырған сәттері екен. Менің әкем мен Хиту ағаны да «сендер де қатысындар» деп арнайы



комитеттің өкілі «денсаулығына байланысты Нұртас Дәндібайұлының өз өтініші бойынша қызметтен босатылды» деп, жиналған көпшілікке республикаға сіңірген еңбегі жайлы бір ауыз да айтпай, он-он бес минутта қызметтен босата салды. Хрущевтің ызғарынан қорыққандары ғой. Нұртас аға бір-екі чехмодан кітабын жинады да, Мәскеуге көшіп кетті. Неге Қазақстанда қалмады? Республика Үкіметі тарапынан көңіл бөлінбеді, қамқорлық болмады-ау деп ойлаймын. Негізі, Нұрекен елде қалуы керек еді, сол жағы дұрыс болмады. Сол олқылықтың орнын толтырмақ болған ел азаматтарының қонаққа шақырып, көрсеткен құрметтері ғой бұл...

Шыны керек, жеті-сегіз жыл ішінде Атырау, Маңғыстау өңірі түрленіп кетті емес пе?! Келе салысымен Жайықтың жағасында тұрып, қаланы көгалдандырмау, ағаш өсірмеу дұрыс емес деп, мекемелерге тапсырма беріп, өзі күні-түні қадағалап, екі-үш жылдың ішінде Гурьевті өзіміз танымай қалдық. Жасыл желекті қалаға айналды. Жеміс-жидек, көкөніссіз, айран-сүтсіз қалай өмір сүруге болады деп, қаланың қасындағы Теңдік колхозының шаруашылығын жанаша бағытқа бұрды, соның арқасында жаздың ортасынан бастап дүкендерде: картоп, пияз, киар, памидор, алмағи түрді, айран-сүт те молынан сатыла бастады.

Сазаға батып жатқан қаланың жолдары асфальтталып, жаңадан тұрғын үйлер көптеп салынды. Үлкен Үкіметтің алдына Гурьев облысының экономикасы мен мәдениетін көтеру жөнінде мәселе қойып, мол

беріп, жағдайларын жасады. Олар көп жыл сол оркестрлі басқарып, қаншама өнерлі жастарды тәрбиелеп шығарды.

Ал Астрахань облысында жермен-жекпен болып жатқан Құрманғазы бейітінің басына күмбез тұрғызып, оның ашылуына Ахмет Жұбанов пен Хамит Ерғалиевты Алматыдан шақырып алып және облыстың біраз адамдарын жіберді. Бұл бір әруақты қадірлеген, өнерге бас иген күн болды. Ойлап қоямын, Құрманғазының әруағы Нұртас Дәндібайұлына риза шығар деп...

Осы тұста манадан «тындаушы» болып отырған Хиту ағам әңгімеге араласты:

— Ой, Балықбай-ау, Нұрекеннің өндіріс пен мал шаруашылығына қосқан үлесін айтсайшы... ұшан-теңіз ғой... Нұрекен келісімен Маңғыстау даласын аралап шықты, халықтың жағдайын өз көзімен



Астрахань облысында жермен-жекпен болып жатқан Құрманғазы бейітінің басына күмбез тұрғызып, оның ашылуына Ахмет Жұбанов пен Хамит Ерғалиевты Алматыдан шақырып алып және облыстың біраз адамдарын жіберді. Бұл бір әруақты қадірлеген, өнерге бас иген күн болды. Ойлап қоямын, Құрманғазының әруағы Нұртас Дәндібайұлына риза шығар деп...

көрді. «Өндірісті көтермей, халықтың жағдайы жақсармайды екен» деп Орталық Комитеттің алдына мәселе қойды емес пе. Ой, содан кейін Маңғыстаудың даласына геологтар қаптасын-ай! Кешікпей кен орындары да бірінен соң бірі табыла бастады. Әсіресе, 1961 жылы Жетібай мен Өзеннен мұнайдың мол қоры табылып, Маңғыстаудың аты әлемге танылды. Жаңаөзен қаласының іргесі қаланды, жан-жақтан түрлі мамандықтың адамдары келіп жаңа қаланың тұрғынына айналды. Өндірістің дамуымен қарым-қатынас күшейді, Атырау мен Маңғыстаудың ортасына асфальт жол керек болды, оны мәселе етіп Үкімет алдына қойды...

Мына бір оқиғаны да маңғыстаулықтар ұмытпайды. Соғыс жылдарында Нұртас Оңдасынов Маңғыстауға келеді, Үстірттің қойнау-қойнауында жатқан малшыларды аралап, жағдайларын біледі. Малшылардың балалары жан-жақтан келіп оқитын Тельман ортау мектебінің жағдайын көріп, көңілі толмайды. Содан мектеп директоры Нәдір Нұрғалиевқа «Алматыға барған соң ақша бөлгіземін, мектеп үйін жөндеміз» деп кетеді. Айтқандай-ақ қаражат келіп, мектеп жақсылап жөнделеді. Енді біраз жыл өткен соң өзі Гурьевке басшы болып келген кезде сол мектепті арнайы келіп көреді. Директор Нұрғалиевтің ісіне қанағаттанған болуы керек, облыстың Мәдениет басқармасын басқаруға шақырады. Халыққа жақын басшының әрекеті емес пе бұл.

Сосын, бұл кісі ауыл шаруашылығына аса көп көңіл бөлді. Оның сыры да бар еді. 1949 жылы қыс мезгілінде қатты суық болып, Атырау мен Маңғыстаудың малы қырылып қалды, тіптен таяғын ұстап қалған қойшылар да болды. Енді соның орнын толтыру үшін Нұрекен көп жұмыстанды. Мал басын көбейтудің жолдарын қарастырды, жиындар өткізіп біздерді оған қатыстырып отырды. Тіптен, ғалымдарды

шақырып, мал басын ғылыми жолмен көбейтуді міндеттеді. Содан малшылар жаз жайлауға, қыс қыстауға шығып, малдың шөбі шалғын тың жерлерде жайылуын әдетке айналдырды. Қолдан ұрықтандыру арқылы, малдың басы көбейіп, даламыз малға толды, балам. Бұны халықтың қамын жеген нағыз басшы деп қалай айтпайсың.

Саған мына бір қызық жәйтті айтайын, бірде Нұрекен облыстағы «Передовик» колхозына барады. Сүт фермасында болады. Жып-жинақы, сауыншылары да тап-таза, мұнтаздай адамдарды көріп риза болады. Колхоз бастығы Сағидолла Құбашевпен сөйлесіп, басқа шаруашылықтарды да аралайды. Қысқасы, Сағидолланың жұмысты ұйымдастыруы ұнайды да, ақырында облыстық Атырау комитетін басқаруды ұсынады. Мұндай шешім колхоздың басшылығынан бірден жоғары лауазымға әкелу бұрын-соңды тарихта болмаған оқиға. Бәріміз таңғалдық! Нұрекеннің батылдығына риза болдық.

Ой, Нұрекеннің Маңғыстау халқына жасаған жақсылығы шексіз ғой. Нұрекен біздің төкпе-жырау Мұрын Сенгірбекұлын Алматыға алдыртып, «Қырымның қырық батыры» жырын таспаға жаздыртып алды. Және маңғыстаулық ақын Сәтгіл Жаңғабұлұлының дарынын жоғары бағалап, оның «халық ақыны» атауына да Нұрекен себепкер болған. «Алла, құдай» дегенді айтуға қорқып жүргенде Нұрекен — діндар-абыз Ержан Қазіретке арнайы барып сәлем берген жалғыз басшы. Бұған да бәріміз таңғалғанбыз.

Нұрекен жақсы бір іс бастады, облыста мектептер жетіспегендіктен, ол «спутник» мектептер салуды қолға алды. Ескі мектептің қасынан жаңа мектеп салуды әрбір шаруашылық, өндіріс мекемелеріне жүктеді. Оңдасыновтың бұл идеясы кейіннен республика көлемінде қолдау тауып, «спутник» мектептер көбейді. Тұрғын үйді көптеп салғызды. Адамдар шатырланған үйге көшіп, тұрмыстары жақсарып қалды.

Тағы бір маңызды ісі, теңіз тартылып балықшылардың жағдайы мүлдем төмен болып кеткен-ді. Міне, Оңдасынов Жайықтың жағасындағы қырлау жерге үйлер салғызып, балықшыларды соған көшіртті. Бұл қайсыбір басшының батылы да, шамасы да келмейтін үлкен іс еді. Бұрын Үкімет басқарып, үлкен шаруалар шешіп үйренген адамның ғана қолынан келетін іс. Бұл кісінің іскерлігін Мәскеудегі Молотов, Микоян, Ворошиловтар бағалады ғой...

«Рыбкомбинаттың» жағдайын жақсартты, жаңа техникалар сатып алып, балықшылардың бейнетін азайтты. Осының бәріне қаражат тауып, аз уақытта елдің жағдайын біршама көтеріп тастаған Оңдасыновты Атырау, Маңғыстау халқы қатты сыйлады, құрметтеді...

Балам, 13 жыл республиканың Үкіметін басқарған Нұртас Дәндібайұлы туралы әңгіме бұдан да көп. Біз Маңғыстау мен Атырау өңірінде бітірген шаруашының біразына ғана тоқталдық. Осының өзінен-ақ халықтың тағдыры қолына тиген нағыз басшының қандай болу керектігін ұққан боларсың, Токтарбай мырза, — деп маған қарап Хиту ағам қуақыланып, жыммып қойды.

Менің көз алдымнан Саламат ағаның төрінде маңдайы жарқырап, бағғының батырларыңша қасқайып отырған Нұртас ағаның бейнесі көпке



шақырған болып тұр ғой. «Жақсыны көрмек үшін!». Әкем жарықтықтың мені тастамай алып баруының сыры — жақсыларды көзімен көріп, әңгімесін тыңдағын деген қазақи тәрбие кәдімгі.

Содан Нұртас ағаның қасында бір күн болып, біздер келген жолымызбен Маңғыстауға қайттық. Самолеттің ішінде әкемнен Нұртас аға туралы көбірек білгім келіп әңгіме сұрадым. Әкем жол қысқарсын деген де ойы болған болуы керек, бетімнен қақпай Нұртас аға туралы көп әңгіме айтты:

— Е, балам, бұл кісінің Атырауға бастық болып келгені халықтың бағы болды ғой. Әлі де қызмет жасай беретін еді, Мәскеудегі Хрущев деген партияның басшысы соңына түсіп, 58 жасында зейнеткерлікке шығарып жіберді. Мына келісі — өзінің өсіріп кеткен

қаражат бөлінуін талап етті. Қаражат келісімен жаңадан мектептер, ауруханалар, мәдениет үйлері салына бастады. Әрбір ауданнан музыка мектептері ашылды. Жиналыс сайын «ел іші — өнер кеніші» дегенді жиі айтып, талапты ән салатын, домбырада ойнайтын балаларды іздей жүрді, тәрбиелендер, облысымыздың атын шығаратын солар» дегенді аудан, колхоз басшыларына айтудан жалықпайтын.

Өз басым риза болатыным, «Дина мен Құрманғазының елінде ұлт-аспаптар оркестрі неге жоқ, бұл ұят қой» деп, келісімен қолға алды. Содан барша облыс көлемінде көркемөнерпаздар байқауы өтті. Ауыл-ауылда, одан соң аудандарда өнердің түр-түрінен байқаулар болды, одан озып шыққандар Гурьевтің басында өткен фестивальге қатысты. Орталық

АЙМАҚ

12 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | БЕЙСЕНБІ



А Болат АБАҒАН,
Алматы облысы

Бұл жөнінде Мемлекет басшысы өзінің осы жолғы Жолдауында айрықша атап өтіп, салада тәртіп орнатуды талап еткен еді. Мұндай жағдай тек мал шаруашылығына тән емес. Барлық салада сұғанақтық жиі көрініс береді.

Қалай болғанда да, қазынаға қол сұғатын сұғанақтар әлі азаймай тұрған сынайлы. Жақында өткен брифинг бары-

сында белгілі болғандай, Алматы облысында мемлекеттік қаржыны жымқырудың бірнеше дерегі әшкереленіпті. Бұл туралы Экономикалық тергеу департаменті басшысының орынбасары Данияр Қырдыалиев баспасөз мәслихатында мәлімдеді. Оның айтуына қарағанда, облыста мемлекеттің тарапынан нақты бір бағыттарды қолдауға берілетін субсидияларды жолын тауып заңсыз иемдену мен жалған құжаттар дайындап ұсыну арқылы жасалған 6 қылмыс тіркеліп, мемлекетке жалпы сомасы 653 миллион теңге болатын шығын келтірілген.

ҚАЗЫНАҒА ҚОЛ СҰҒУ ҚАШАН ТОҚТАЙДЫ?

Осыдан бірнеше ай бұрын жазғанымызда Алматы облысы бойынша асылтұқымды мал басын көрсетуде көзбояушылықтар болып, төрт түлікті асылдандыруға мемлекеттік қазынадан бөлінетін демеуқаржының талан-таражға түсіп кеткенін жазған едік. Онда жоғары жаққа тапсырылған статистика мен нақты санның арасында айырмашылық көп екені айтылған еді.

Экономикалық тергеу департаменті жүргізген тексеріс барысында сол баяғы агроөнеркәсіп кешенінде асыра сілтеу асқынып тұрғаны анықталыпты. Бұл салада мемлекет қаражатын жымқырудың жүйелі схемалары қалыптасып, көзбояушылықтың әбден етек жайғаны белгілі болған. Қазынаның қаржысын қалтасындағы ақшасымен шатастырған, қомағайлыққа салынған жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің басшысы 7 жылға бас бостандығынан айырылыпты. Ол өзінің иелігіндегі ет өңдеу зауытының жобалау-сметалық құжаттарын ойдан құрастырып,

қолдан жасау арқылы мемлекеттен 205 миллион теңге, жалған құжаттар арқылы кәсіпорынға орнатылған құрылғының өндірістік қуаты туралы ақпаратты бұрмалап, тағы 63 миллион теңге мөлшерінде қомақты субсидия алып, алшан басып жүргенде тұтылыпты.

Ал облыстағы ауылшаруашылық кооперативтері бірінің басшысы мал басының саны туралы жалған ақпарат ұсынып, 50 миллион теңге субсидия алған және оларды жеке депозиттік шотқа орналастырып, түскен дивидендтерді өз қажеттілігіне жұмсап, жырғап отырған.

ИГІЛІКТІ ЖОБАЛАРҒА ЖОЛ АШЫҚ

«Бір ауыл – бір өнім» әлеуметтік жобасы Қарағанды облысында да жүзеге асуда. Кәсіпкерлікке жол ашқан бағдарламалар саны артып келе жатыр. Бәрі де халық игілігіне жұмыс істеуде. Дегенмен «әттеген-ай» дейтін тұстар да жоқ емес. Бұл жоба кейбір жүзеге аспай қалған бұрынғы жобалардың кебін кимесе дейміз.

А Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Елде отырып, қаладағыны ет-сүтімен, жылы-жұмсағымен камтып отырған ауылдықтар үшін отандық өнімге сұраныс артқандықтан, бұл – кәсіп ашуға ниет еткен жандарға таптырмаз жоба.

Бұл жоба қазір әлемнің 30-дан астам елінде жүзеге асырылуда. Жобаны 2022 жылдан бері Ұлттық экономика министрлігінің қолдауымен «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы ұйымдастырып келеді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, «Бір ауыл – бір өнім» жобасы алғаш Жапонияда ойлап табылған. Өнірлерді дамыту мақсатында әзірленген жоба халықтың әл-ауқатын арттыруға елеулі үлес қосты. Жоба аясында белгілі бір аймақтың ерекшелігін көрсететін бірегей, сапалы өнім өндіруге болатын саланы табу, зерттеу көзделген. Сонымен қатар жергілікті ресурстардан сапалы өнім өндіруді, бизнесті басқару, маркетинг пен өнімді өткізу мүмкіндіктерін кеңейту, жергілікті және халықаралық нарықтарда өнімді тарату, жергілікті брендтер шығару және өнімнің құндылығын арттыру тұрғысынан өндірушілердің дағдыларын дамытуға бағытталған.

Жобаға келсек, ауылдағы өнерлі жұрт қадесый, ұлттық тағам жасап, басқа да керекті бұйымдармен сөрелерді толтыра алады.

Осы жобаның арқасында Абай ауданы Дубовка елді мекеніндегі ешкі сүт өнімдерін шығаратын шаруашылық өз өнімін нарыққа шығарды.

Ал Қарағанды қаласының грантын ұтып алған Меруерт Абзалбек болса кант қосылмаған жент жасап, ұлттық брендке айналдырмақ ниеті бар.

– Ұлттық тағамды елдің қалауына қарай икемдеу бір қарағанда оп-оңай шаруа емес. Оған ұзақ дайындық пен іркіліссіз ізденіс керек-ақ. Әуел баста бұл ой маған екі жыл бұрын келген-тін. Тағамның оңтайлы формуласын құрауға әжептәуір уақытымды сарп еттім. Жалма-жаннутрициолог пен аллерголог маманмен кеңес алдым. Көп көмегі тиді. Ептеп жүріп женттің глютенсіз тары әрі қантсыз бидай деп нысыпалаған екі түрін елге ұсынуға білек сыбана кірістім. Жобам қала әкімінің грантын иеленіп, мерейім өсті. Алақаныма түскен ақшаға жабдық сатып аламын. Әзірге бір адамды жұмысқа орналастырдым, – дейді жас кәсіпкер Меруерт Сапарқызы.

Бүгінде Қарағанды облысында бизнес саласы өркендеуде. Өз ісін дөңгелетіп әкеткен 100 мыңға жуық кәсіпкер нәсібін табуда. Олар қос қолдап тірлік етумен қатар 240 мыңға жуық адамды жұмыспен қамтыған.

– Шағын және орта кәсіптің өрістеуіне бертінгі уақыттан бері жолға қойылған қолайлы инфрақұрылым да септігін мол тигізіп жатқан көрінеді. Рас. Бұл салада іліп



аларлық ілкімді істер аз емес. Алдымен прокуратура, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет сынды құзырлы органдар өкілдерімен бірлескен кәсіпкерлікті қолдау бағытындағы «Бизнеске жол», «Бизнестің Жол картасы» секілді тыңғылықты бастамалар жемісін беруде. Атын атап, түсін түстеп өтерілік жоралы жобамыздың бірі – «Бір ауыл – бір өнім» жобасы. Алғаш жапон халқы ойлап тапқан бұл ерек іс кейінірек консылас Қырғыз елінде өркен жайған. Біз айырқалпақ жұрттың айылдарын аралап, ой елегінен өткізген соң осы жылы облыс аумағында бөгенайы бөлек бастаманы енгізуді күп көрдік, – дейді облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ернар Күлпейісов.

Жақында Қарағанды облысында көрме-жәрменкеде жергілікті шикізаттан жасалған топ-10 тауар анықталды. «Бір ауыл – бір өнім» жобасының 30 қатысушысы өз өнімдерін ұсынды. Комиссия ең жақсыларын іріктеп алды. Жана бастаған кәсіпкерлерге өнімді брендтеуге және оны нарыққа шығаруға көмек берілмек.

– Мұндай көрме бірінші рет өткізіліп отырған жоқ. Максаты – отандық кәсіпкерлерді қолдау және жана қазақстандық брендтер құру. Ешқандай салаға шектеулер жоқ. Негізгі шарт – жергілікті шикізатты пайдалану. 30 қатысушының ішінен 10-ы келесі кезеңге өтеді. Нәтижесінде, бренд комитеті үш жеңімпазды анықтайды. Финалистер өндірістік технологиялар, маркетинг бойынша тегін курс оқиды, – делі Қарағанды облысы Кәсіпкерлер палатасының шағын кәсіпкерлікті дамыту бөлімінің бастығы Меруерт Қасымова.

Жұмыс тобының мүшелері барлық тауарды мұқият зерттеп, қатысушылармен сөйлесті. Ұпайлар бағалау парағына қойылды. Басты критерий – шикізаттың жергілікті болуы. Өнімнің сыртқы нарыққа шығу әлеуеті де маңызды. Ассортимент алуан түрлі болды: сүт және ет өнімдері, қадесыйлар, зергерлік

бұйымдар, керамикадан жасалған бұйымдар, сабын, этностилдегі киім. Металл мүсіндер көпшіліктің назарын аударды. Теміртаудан келген кәсіпкер Ақылжан Елеуғазин хоббиін кәсіпке айналдырған. Ол бизнеске бірден келген жоқ. Машина жасау мамандығын алғаннан кейін CNC станогының тоқары болып жұмыс істеген. Дәнекерлеу ісін өкесінен үйренген. Қазір олардың шағын отбасылық цехы бар. Негізінен, терезелердегі қорғаныс торларын өндіріп ақша табады. Ақылжан жергілікті металдан мүсіндер құрастыруға қызыққан. Басынан аяғына дейін өзін өзі жасайды, соның ішінде 3D модельдеуге дейін сызады. Биыл 400 АЕК мөлшерінде мемлекеттік грант алды және жобаны дамытуды жоспарлап отыр.

«Қазақстан-Қытай» магистралды газ құбырының «Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Шымкент» ГТБ А және В желілері бойынша басқарылатын кран торпақтары үшін 1 Ом аспайтын аспаптық жерге түйіқтау» жұмыстарын сатып алу бойынша қайта ашық тендердің қорытындылары туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Қазақстан-Қытай» магистралды газ құбырының «Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Шымкент» ГТБ А және В желілері бойынша басқарылатын кран торпақтары үшін 1 Ом аспайтын аспаптық жерге түйіқтау» жұмыстарын «Azimut Solutions» ЖШС: Алматы қаласы, Алматы ауданы, Сейфуллин даңғылы, 410/78 ғимарат, 2 бөлме, 510 кеңсе, 050016, БСН 140940000862 жеңімпаз болып танылсын.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-60.

Объявление об итогах повторного открытого тендера по закупке работ «Инструментальное заземление не более 1 Ом для управляемых крановых узлов по ниткам А и В УТГ «Шымкент» ТОО «Азиатский Газопровод» магистрального газопровода «Казахстан-Китай»»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает победителем по закупке работ «Инструментальное заземление не более 1 Ом для управляемых крановых узлов по ниткам А и В УТГ «Шымкент» ТОО «Азиатский Газопровод» магистрального газопровода «Казахстан-Китай» тендерную заявку ТОО «Azimut Solutions»: г. Алматы, Алмалинский район, проспект Сейфуллина, дом 410/78, помещение 2, офис 510, 050016, БИН 140940000862.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-60.

«Жедел ақпараттық қауіпсіздік орталығының қызметтері» сатып алу бойынша қайта ашық тендердің қорытындылары туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Жедел ақпараттық қауіпсіздік орталығының қызметтері» тендерлік өтінімі «KazHackStan» ЖШС: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Мәңгілік ел даңғылы, 54 үй, БСН 120540005677, жеңімпаз болып танылсын.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-01-50.

Объявление об итогах повторного открытого тендера по закупке «Услуги оперативного центра информационной безопасности»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает победителем по закупке «Услуги оперативного центра информационной безопасности» тендерную заявку ТОО «KazHackStan», Республика Казахстан, г. Астана, проспект Мангилик ел, дом 54, БИН 120540005677.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-01-50.

«СКС-1, КС-7 және ТҚЖКТ-7-де катодты қорғаныш жүйесін жаңғырту» жұмыс жобасын әзірлеу» жұмыстарын сатып алу бойынша ашық тендердің нәтижелері туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «СКС-1, КС-7 және ТҚЖКТ-7-де катодты қорғаныш жүйесін жаңғырту» жұмыс жобасын әзірлеу» жұмыстарын сатып алу бойынша ашық тендер өткізілмеді деп танылды.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-60.

Объявление о результатах открытого тендера по закупке работ «Разработка рабочего проекта «Модернизация системы катодной защиты на СКС-1, КС-7 и УЗПОУ-7»»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает открытый тендер по закупке работ «Разработка рабочего проекта «Модернизация системы катодной защиты на СКС-1, КС-7 и УЗПОУ-7»» несостоявшимся.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-60.

